апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# Приозёрский Вестник

№17/505
28 апреля 2017 года
газета издается с 26.06.2004 года

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
# ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА !

**Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!**

**Сіздерді татулық пен келісімнің нұрына малынған 1 мамыр –Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз !**

Жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Себебі Қазақстандағы барлық ұлттардың татулық пен келісімде өмір сүруінің арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етудеміз.

Бұл айтулы мерекені көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуға толық негіз бар. Осы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілейміз !

Өмірлеріңіз қызықты жұмыстарға және шығармашылыққа, мықты ойлар мен жарқын мақсаттарға толы болсын !

Сіздерге зор денсаулық, көктемгі көңіл-күй, жақсы бастамаларда сәттілік пен игілік тілейміз !

Елімізде бейбітшілік пен тыныштық бола берсін!

Ізгі тілекпен:

**Қала әкімі Қ.Камзин**
**Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков**

**Уважаемые жители и гости города!**

**Сердечно поздравляем Вас с праздником 1 мая – с Днем Единства народа Казахстана !**

Этот день олицетворяет собой стремление человека к созиданию, миру и благополучию и служит отправной точкой для хороших начинаний и интересных перспектив.

Майские праздники одни из самых радостных, ярких и светлых!

Первомай мы всегда встречаем с особыми чувствами, для нас это символ весны, мира и созидания. Он полон добрых примет и традиций.

Это бурное цветение природы, улыбки и радостное настроение, тёплые встречи в кругу семьи и друзей, надежды на лучшее будущее.

Желаем Вам и Вашим близким всего самого доброго: здоровья, благополучия, счастья и успехов во всех начинаниях !

С наилучшими пожеланиями:

**Аким города К.Камзин**
**Секретарь маслихата Б.Сарсембеков**

*Мерекеге арту*

## 1 МАМЫР - ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ КҮНІ

2017 жылдың 26 сәуірінде "Балақай" бөбекжайының "Балдарыған" және "Балауса" топтары арасында "1 мамыр халықтар достығы күні" атты ертеңгілік өтті. Ертеңгілікке көрермен ретінде бүлдіршіндеріміздің ата-аналары қатысты. Ертеңгілікті өткізу мақсатымыз: Көп ұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында еліміз өркен жайып әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелгендігін балалар өздерінің өлең шумақтарын үш тілде айтып берді. Өннен шашу шашып, "Достық" әнін барлық балалар бірге шырқады, мың бұралған биші қыздарымыз әр ұлттың өнерін көрсетті. "Киіз үйдің құрамы" атты ойыны арқылы қазақтың салт-дәстүрімен мәдениетін мақтаныш етті. Бірлігіміздің берекесін арттырған, бейбітшілік мәңгі серігіміз болған , бұл мерекеміз ғасырлар бойы жалғасын таппақ. Ертеңгілікке келген ата-аналар, қонақтар да өз ризашылықтарын білдіріп жатты.

**Месерова А.Ч., Белтаева Г.И.,**
***Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері***



## 2017 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ, САЯБАҚТАР МЕН АУЛАЛАРДЫ КӨРКЕЙТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТЫҢДАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 24 сәуірінде Приозерск қаласы әкімі аппаратының акт залында Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін- өзі басқарудың аумақтық Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Кеңес отырысына Кеңестің төрағасы мен мүшелері және мемлекеттік мекеменің басшылары қатысты.

Күн тәртібінде 2017 жылға жоспарланған жолдарды жөндеу, саябақтар мен аулаларды көркейту туралы мәселе қаралды.

Атаулы мәселе бойынша «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы қалалық бөлімінің» басшысы Т.А.Айдархановтың ақпараты тыңдалды.

Кездесуге қатысушылар тарапынан жолдарды, саябақтар мен балалар алаңын жөндеу жұмыстары және ішуге жарамды су жөніндегі мәселелер көтерілді.

Отырыс қорытындысы бойынша Кеңес төрағасы М.Сахалов Кеңес мүшелеріне, қалалық мемлекеттік мекемелердің басшыларына және жұмыс берушілерге тиісті ұсыныстар берді.

**Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін- өзі басқарудың аумақтық Кеңесі**

## РАССМАТРИВАЛСЯ ВОПРОС О ПЛАНИРУЕМЫХ ОБЪЕМАХ И РАБОТАХ ПО БЛАГОУСТРОЙСТВУ ДВОРОВ, СКВЕРОВ, РЕМОНТУ ДОРОГ И УЛИЦ НА 2017 ГОД

24 апреля текущего года в актовом зале аппарата акима города Приозерск состоялось очередное заседание территориального Совета местного самоуправления по городу Приозерск.

На заседании Совета принимали участие председатель, члены Совета и руководители государственных учреждений.

На повестке дня рассматривался вопрос о планируемых обьемах и работах по благоустройству дворов, скверов, ремонту дорог и улиц на 2017 год.

С информацией выступил руководитель ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции» Айдарханов Т.А.

Участниками заседания поднимались вопросы по ремонту дорог, скверов, детских площадок, о качестве питьевой воды и другие.

По результатам проведенного заседания председателем Совета М.Сахаловым даны соответствующие рекомендации членам совета, руководителям государственных учреждений и услугодателям города.

**Территориальный Совет местного самоуправления по городу Приозерск**

25 - лет принятия государственных символов РК

# СИМВОЛЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОРДОСТЬ

*«Чувство Родины, гордость за свою страну начинаются с уважения к ее символам.*

*Поэтому во все времена государственные символы – это предметы национальной гордости.*

*И отношение к ним особенное».*

*Н.А. Назарбаев,*

*Президент Республики Казахстан.*



Моей Родиной является молодая, величавая страна, Республика Казахстан. Это великое государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой.

Если углубиться в историю, то Казахстану потребовалось более двух сотен лет, чтобы принять титул независимого государства. Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, в этот день Казахстан принял свою государственную независимость. С этого дня прошло уже двадцать пять лет. В 2016 году в Казахстане прошло множество мероприятий посвященных празднованию Независимости.

Неотъемлемым атрибутом суверенных стран являются государственные символы: его герб, флаг, гимн. В этом отношении 4 июня 1992 г. в нашей республике навсегда останется в истории и в памяти народа как день рождения государственной символики Казахстана.

**Есть слово гордое “Казах”,**
**В нем воплотилось государство.**
**С Гербом и Гимном, есть свой Флаг,**
**Язык, в котором мудрость нации.**

25 лет назад были приняты государственные символы Республики Казахстан, и в этом году 4 июня 2017 года, в день принятия Конституционного закона РК «О государственных символах Республики Казахстан», страна торжественно отметит этот юбилей. Уважение к государственным символам мы должны демонстрировать ежедневно, ежеминутно, а в юбилейный год – тем более.

Думается, что только глубокое знание и понимание содержания государственной атрибутики, проникновение и познание их сущности повышает интерес, уважение, гордость к этим важнейшим элементам жизни нашего государства. Ибо есть большая разница между слепой верой, механическим повиновением и сознательным действием людей, граждан, молодежи. **Флаг** – это один из главных символов государства, олицетворяющий его суверенитет и идентичность. Уважение к флагу — это уважение к стране, народу, его истории. Автором флага Республики Казахстан является Шакен Ниязбеков. Государственный флаг Республики Казахстан представляет собой прямоугольное полотнище небесно голубого цвета, который представляет единство, честность, верность, чистое небо, мир, благополучие и безупречность страны. Голубой флаг с золотистым национальным орнаментом слева, золотистым солнцем и парящим силуэтом орла в центре украшает административные здания, развевается над зданиями посольств суверенного Казахстана в иностранных государствах, установлен возле здания Организации Объединенных Наций. Он ныне всеми воспринимается как символ свободы, независимости и суверенитета нашей республики.

**Герб** — важный символ государственности, признанный во всем мире. Герб суверенного Казахстана принят в 1992 году. Сегодняшний герб суверенного Казахстана является результатом огромного труда, творческих исканий двух известных архитекторов: Жандарбека Малибекова и Шоты Уалиханова. Выиграть в этом соревновании было нелегко. Достаточно напомнить, что только в финальном конкурсе принимали участие 245 проектов и 67 описаний будущего герба. В гербе должны найти отражение история, традиции, дух каждого народа, должно раскрываться его философское содержание. У казахов есть высказывание: "Шаңырағың биік, кереген кең, босағаң берік болсын". По-русски это звучит примерно так: "Пусть будет высоким твой шанырак, широкими твои стены и прочной основа твоего дома". Именно это мирное пожелание положено в основу нашего герба. Государственный герб Республики Казахстан имеет форму круга и представляет собой изображение шанырака на голубом фоне, от которого вовсе стороны в виде солнечных лучей расходятся уыки. Справа и слева от шанырака расположены изображения мифических крылатых коней. В верхней части расположена объемная пятиконечная звезда, а в нижней части надпись «Қазақстан». Изображение звезды, шанырака, уыков, мифических коней, а также надписи «Қазақстан»— цвета золота. Найденное художественное решение является гармоничным и уникальным с любой точки зрения. Шанырақ, являясь основной частью юрты, по форме напоминает небесный купол и в сознании людей является одним из важных элементов их жизнеустройства. Образ крылатых мифических коней— тулпаров является в Государственном гербе важной геральдической деталью и выполняет роль носителя определенной идеи. В образе Государственного герба республики есть еще одна деталь— пятиконечная звезда. олицетворяющая символ власти, света, ведущего по жизни, стремления к возвышенному и вечности.

В жизни любого государства гимн играет большую роль. Имея морально-организующее значение, гимн сплачивает граждан на созидание качественно нового общества, контуры которого определены Конституцией. Потому принятие гимна - важнейший и ответственный момент для страны. Гимн Казахстана, ранее известный как песня «Менің Қазақстаным», по инициативе Президента Нурсултана Назарбаева был утвержден Парламентом страны 6 января 2006 года. Впервые он прозвучал 11 января 2006 года во время торжественной инаугурации Главы государства. Музыка – композитора Шамши Калдаякова, слова – Жумекена Нажимеденова и Нурсултана Назарбаева.

В гимне воспевается казахская степь - любимая родина степняков, святая колыбель дружбы и солидарности разных родов и жузов. Все, что есть в народе самого святого - речь, язык, традиции, обычаи, обряды, мужество, державность, казахи как наказ передают будущему поколению.

Только пройдя все перипетии и невзгоды истории, создав собственными силами новое общество, закалившись в горниле суровых испытаний, мы можем до конца понять и глубоко проникнуться в смысл и значение гимна. Видимо тогда, гимн, звучащий в любой аудитории, заставит вздрогнуть сердце любого гражданина Республики Казахстан. Сегодня каждый гражданин республики гордится своей независимостью. Независимость нашей страны – это самое святое приобретение нашего народа.

Каждый человек, живущий на планете, испытывает чувство гордости за свой народ, за свою страну, государственные символы, Конституцию, историю. И нам сегодня стоит помнить о прошлом, знать настоящее, чтобы построить будущее.

Казахстан-государство со своей историей, своим государственным языком, символами, закрепленными Конституцией и своей столицей. Символы нашего государства есть неоспоримые свидетельства его суверенитета и независимости, единства народа и власти. Трудно кого-либо заставить гордиться государственными символами, но знать и уважать их обязан каждый гражданин, если он считает себя патриотом своей страны и нам с вами есть, чем гордиться. И наша с вами задача – способствовать процветанию нашей Родины.

**ОВП,КиРЯ г.Приозерск**

*перепечатка с* **https://infourok.ru**

КАЗАХСТАН - СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

# ОТКРОЙ ДЛЯ СЕБЯ КАЗАХСТАН С МОБИЛЬНЫМ ПРИЛОЖЕНИЕМ «КАЗАХСТАН - СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»


**ДОРОГИЕ ДРУЗЬЯ!**

Представляем Вашему вниманию **мобильное Приложение «Казахстан - Страна Великой Степи»**, которое является настоящей цифровой энциклопедией о Казахстане и охватывает широкий набор тем - от географии, истории и культуры до экономики, туризма и международных отношений.

Содержит сотни уникальных фотографий, а также видеоролики, 3D-объекты, панорамные туры, инфографики и интерактивные карты на казахском, русском и английском языках.




Приложение станет незаменимым помощником для иностранных граждан, собирающихся посетить Казахстан, а также для самого широкого круга людей - туристов, студентов, исследователей, журналистов и представителей деловых кругов.

**Доступно в AppStore и PlayMarket, в формате Windows, а также в виде веб-версии.**

**ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ В КАЗАХСТАН!**

**http://bit.ly/28PHIfG**

ЖАҢАРУ АРҚЫЛЫ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ НЕГІЗІ



*Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,*
*Қазақстан Республикасының*
*Мемлекеттік хатшысы*

Өткен аптаның ортасында еліміздің саяси өмірінде елеулі оқиға болды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарыққа шықты.

Мақаланы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдық. Сонымен бірге, бұл еңбек мейлінше терең, күрделі әрі кемелдігімен ерекшеленеді. Еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырым дамалық бағдары министрден бас тап, қатардағы қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізіледі. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып та былады. Бұған дейін еліміз жаңа тәуел сіз мемлекетті құру арқылы бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан-2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бұл екінші жаң ғырудың нәтижелері. Мұның бәрін таратып ай тып отыру себебіміз еліміздің жүйелі әрі дәйекті эволюциялық дамуына бағытталған мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығын көрсетуді мақсат тұтып отырмыз. Бүгінгі таңда Қазақстанның үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, эконо микалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асыры латын болады. Аталған үдерістердің қата рында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады. Мұндай аксиомалық байлам жа сауға берік негіз бар деп ойлаймын. Әлбетте, саяси және экономи калық жаңғырудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланыс ты болмақ. Сондықтан, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр. Бұл орайда, ең әуелі, жалпы ұлттық құндылықтарды тереңдету негізінде түбірлі өзгерістерді қажет етіп отырған осы саланың бүгінгі жай-күйін атауға болады. Мәселен, егер де биік мін берде зерделейтін болсақ, бізде демократияның басты белгісі сана латын сайламалы үдеріс саяси өмірде өзінің орнын тапты. Биылғы жылы конституциялық реформалардың аясында ел Президентінің бірқатар өкілеттіктері биліктің өзге тар мақтарына берілді. Осыған орай, Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отыры сында сөз сөйлеп «Біз жүріп келеміз, біртіндеп алға басудамыз, яғни бұл қоғамды демократияландырудың сатыларының бірі... Басқа мемле кеттер өздерінде бар демократияға жүздеген жылдар бойы жүрді... Демократия – бұл жолдың басы емес, бұл жолдың аяғы, ол біздің мақсатымыз», екенін атап көрсетті. Экономикаға келетін болсақ, Қазақстан нарықтық экономиканың көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы, бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше көптеген елдердің ІЖӨнің 15%-ы деңгейі көлеміндегі мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту бойынша жұмыс жүргізуде. Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін есепке алғанда, мемлекеттің бақылауындағы және жанама бақылауындағы ұйымдардың ІЖӨге шаққандағы жалпы қосымша құнының (ЖҚҚ) арақатынасы ескеріледі. 2014-2015 жылдардың қорытындылары бойынша ЖҚҚның ІЖӨге арақатынасы 21,1% және 19,1%-ды құрады. 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарында 780 ұйымды, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі ең ірі 64 компанияны бәсекелестік ортаға беру қарастырылған. Қабылданған шаралар мемлекеттің экономикаға қатысуын елеулі қысқартады және елімізде жеке бастамалардың белсенділігін арттырады. Рухани-мәдени салаға қатысты әзірге мұндай өзгерісті айта алмаймыз. Әрине, аталған саланы тұтастай нарыққа беру жөнінде әңгіме қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат, мемлекеттің және азаматтық қоғамның өзара іскимылының негізінде барша руханиятты жаңғырту болып табылады. Бұл орайда, елімізде 2014 жылдан бері қазақстандықтардың жоғары руханилығы мен мәдени ментальдығының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағыт талған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда. Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі XXI ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүние танымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру болып табылады. Мақала кіріспеден, «XX ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады. Ең әуелі, ел Президенті тарапынан бүгінгі таңда адамзат қоғамы жинақтаған аса зор өркениет тәжірибесіне зерделі талдау жасау бойынша қыруар жұмыс жүргізілгенін көруге болады. Біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырларда өмір сүрген Қытайдың ежелгі ойшылы Конфуций адамның өмірі ең әуелі моральмен реттелуі тиіс екенін тұжырымдап берді. Бұған білім мен тәрбиенің арқасында қалыптасатын дұрыс адамгершілік әдептердің ережесі ұғымын насихаттау негіз болды. Қытай өзінің жүздеген жылдардан бергі өмір салтында Конфуцийдің осы өсиеттеріне барынша адалдығын көрсетіп келеді. Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді. Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқталу мақаланың басты міндеті емес екенін ескеріп, біз екінші және үшінші жаңғырулар – «Прагматизм» және «Ұлттық бірегейлікті сақтауға» назар аударсақ. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» принципі баршаға таныс. Біздің ойымызша, оның сабақтаса дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуда айқын көрінеді. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Дәл осының арқасында қоғамдық-экономикалық формация ретінде капитализм құрдымға кеткен социализмді біржолата жеңді. Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екендігіне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы Даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі ата-бабаларымыздың бойына табиғат пен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенін тұжырымдайды. Сол себепті, біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ. XIX ғасырда Германияның ұлы канцлері Отто Бисмарк Realpolitik мемлекеттік бағытын өмірге енгізді. Ол әр түрлі идеологиядан бас тартып практикалық тұжырымдарға басымдық берді. Сондықтан, Елбасының тұжырымы анық: біз жекелеген адамның және тұтас ұлттың мүмкіндіктері мен шектерінің аясында нақты мақсаттарға қол жеткізуді бағдар лауымыз керек. «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты екінші бағытқа қатысты тоқталсақ, Президент дамудың әмбебап үлгісі болмайтынын нақты жеткізіп, тек ұлттық модельді ғана алға тартады. Бұл тұжырым қазіргі заманғы дәуірдегі ұлт құрылысында аса маңызды болып табылады. Ортақ тіл, мәдениет, тарих – бұлар барлық заманда да қуатты мемлекеттің іргетасы екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты атап көрсеткіміз келеді. Бұл жерде біз Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» атты келелі монографиясын парақтай отырып, тарихқа қысқаша шолу жасап көрсек. Біздің рухани бастауларымыз қазіргі Қазақстанның аумағында біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта өмір сүрген ежелгі арийлерден басталады. Содан кейін саясат сахнасына бірінші мыңжылдықта билік құрған жауынгер сақтар шығады. Бұдан соң ұлы ғұндар дәуіріне кезек беріліп, олар түркілер билігіне дейінгі б.д.д. IV ғасырда өмір сүрді. Одан кейінгі заманда орын алған тарихи оқиғалар еліміздің ақпараттықмәдени кеңістігінде кең көрініс тапты. Генезистің және біздің ұлттық рухымыздың қалыптасуы мен дамуына екпін берген ортақ құрамдастар бар. Айтылғандарды түйіндейтін болсақ, Мемлекет басшысының ұлттық рух туралы ұсынған тезисі Ұлы Дала елін дамытудың басты қозғаушы күшіне айналады. Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттерге» келсек, бұл іс-қимыл жоспары бірінші кезекте Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие. Осы тараудағы нақты жобалардың қатарында келесі екеуіне жанжақты тоқталуды жөн көрдік. Бірінші жоба – бұл қазақ жазуының латын әліпбиіне кезеңкезеңмен көшірілу мәселесі. Біріншіден, Мемлекет басшысы латын әліпбиіне көшуді тек бүгін ғана қозғап отырған жоқ, оны 2012 жылы жариялады. Екіншіден, Қазақстанның дамуында латын әліпбиі арқылы дамудың 11 жылдық тарихи тәжірибесі қалыптасқан (1929 – 1940 жж.). Үшіншіден, бір тілдің жалпы адамзаттық немесе былайша айтқанда, «франк лингвасы» бойынша дамуы бұл заңды әрі тарихи құбылыс. Орта ғасырларда арабтар барлық батыс-еуропалықтарды осылай атады. Шын мәнінде, сол кезеңдерде франкліктік билік ерекше салтанат құрды. Бұдан кейін француздардың билікке келу кезеңі басталды. XX ғасырда біз тағдырдың талқысымен дәйекті тарихи дамудың жалпыға бірдей сүрлеуінен шығып қалдық. Қазіргі таңда біздің елімізге заманымыздың бірегей мемлекет қайраткері, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен өркендеп жатқан тәуелсіз мемлекетімізді жаһандық деңгейде дамуына жол ашатын латын әліпбиіне көшудің керемет жағдайы туып отыр. Біз мұны «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндіктері деп білеміз. Біз назар аударып отырған екінші жоба «Қазақстанның рухани жәдігерлері». Мәдениет саласы материалдық және рухани құндылықтардан тұратыны мәлім. Өкінішке қарай, бұған дейін елімізде киелі құндылықтарға деген тұжырымды көзқарас болған жоқ. Сондықтан, ел Президентінің бастамасы бойынша қолға алынған жоба ұлттық бірегейліктің маңызды рухани тірегі болып табылады. Әрбір халықтың өзіне тән киелі орындары бар. Бізде де мақтаныш ететін қасиетті орындар жеткілікті. Бұлар ежелгі Тараз, Ұлытау, Түркістан, Алтай, Жетісу өңірлері және Бекет ата кешені. Алайда, қоғамдық санада бұл орындар туралы бірегей ұғым мен ортақ түсінік қалыптаспаған. Сондықтан, ұлтты ұйыстырудағы аталған стратегиялық міндетті орындауда осы жобаны жүзеге асырудың маңызы аса зор. Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жаңа жағдайдағы рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық өзгерістерге және жаңашылдықтарға дайындықты және ұмтылысты қажет етеді. Өйткені, біз айрықша серпінділікпен жылжып жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа тарихи кезеңге тән қатерлер мен тәуекелдерге жанжақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең көзқарасын білдірді. Сондықтан, Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің әрбір азаматы бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барша мемлекеттік органдар ағымдағы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек. Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын: Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

**Приозерск қ. ІС,МжТДБ,**
**h*ttps://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/04/17042017-web.pdf***

*ЭКСПО-2017*

# КИТАЙСКОЕ ШОУ КУНГ-ФУ В АСТАНЕ

**Столичным акиматом сформирована обширная программа культурно-зрелищных мероприятий, которые пройдут в столице в рамках проведения Международной специализированной выставки "ЭКСПО-2017", сообщает пресс-служба акимта города Астаны.**

В

числе масштабных мероприятий – международные фестивали и выставки, концерты звезд отечественной и мировой эстрады, концерты классической и народной музыки, театральные премьеры, цирковые представления, мероприятия в формате массовых народных гуляний на площади у монумента "Байтерек", на Городской площади и во всех столичных парках.

Кроме столичных артистов в концертах будут участвовать коллективы этнокультурных объединений и творческих ансамблей из разных регионов Казахстана.

Как отмечается, большее количество культурно-массовых развлекательных программ для удобства жителей и гостей города будет проходить на открытых площадках. Так, на Водно-зеленом бульваре пройдет уже полюбившийся всем фестиваль Astana Art Fest, ставший современной площадкой для самовыражения и креативных идей. В парках города каждые выходные планируется проведение мероприятий для семейного отдыха Astana Park Land, на набережной реки Есиль все желающие смогут увидеть лазерное шоу и шоу фонтанов, а также посмотреть концерты "Есіл кештері".

В городе ожидается проведение нескольких концертов популярной эстрадной, электронной музыки, рока и джаза, а также фестиваль уличного танца International Street Dance Session. Все эти мероприятия будут бесплатными.

Также вниманию зрителей акимат столицы представит и ряд новых проектов, которые впервые пройдут в период выставки ЭКСПО. А именно – международный музыкальный фестиваль "Астана Дауысы" с вручением наград за вклад в развитие музыкального искусства, пройдет первое китайское шоу кунг-фу.

Кроме того, впервые за всю историю игры КВН российский шоумен Александр Масляков-старший разыграет Летний кубок среди чемпионов Высшей лиги последних лет в столице Казахстана. Игра состоится в Астане 1 июля.

***Источник: интернет-ресурсы РК***

*ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АРХИВ ҚЫЗМЕТІНЕ 80 ЖЫЛ*

# ҚАЛА АРХИВІНІҢ АРДАГЕРІ

Қарағанды облысы архив саласының мамандары биыл өздерінің 80 жылдық мерейтойларын атап өтуде. Ал, қалалық архив 2015-жылы 20 жылдық мерейтойларын кең көлемде атап өткен болатын. Өткенге көз салсақ, 1995-жылдың 8-тамызында Приозерск қаласы әкімінің шешімі-мен қалалық мемлекеттік архиві құрылғаны белгілі. Алғашқы кезде қалада архив мамандарының тапшы болуына байланысты сол кездегі Жезқазған облыстық архивінен білікті мамандар шақыртылып, жаңадан қызметке қабылданғандарға архив саласының қыр-сырын үйрету бойынша шеберлік сыныптары өткерілген болатын. Олар жааңадан жұмыс бастаған мамандарға архив қорын толықтыру, құжаттаманы басқару, іс жүргізуді негізгі ережеге сай жүргізу, ведомстволық архивтердегі істердің сақталуын, жай-күйін тексеру, тізімдемелер жасау, істер номенклатурасын тізбеге сай дұрыс құрастыру, істерді қалыптастыру секілді көптеген салаға қатысты жұмыстармен таныстырды. Зерек жандар бұның бәрін жедел жадына тоқып алды. Содан бергі уақытта аталмыш мекемеде көптеген мамандар жұмыс жасады. Біразы жұмыс бабымен басқа қызметтерге ауысып кетіп жатты. Ал, қолға алған ісінің түбіне жетпей тынбайтын, жауапкершілік жүгін сезіне білетін жандар мұндай сәтте, қандай жағдай болмасын, өз орнында қалғанды жөн санайды. Осындай мамандардың бірі Жеңіскүл Кемалқызы Кеңесова болды. Архив саласының жетік маманы Жібек Қанатбекқызы Наурызбаевадан тәлім алып, архив саласының тұтқасынан ұстаған Жеңіскүл Кемалқызы сол уақыттан бастап қалалық архивтен бір сәтке де қол үзген жоқ. Жұмысын нөлден бастады дерлік мекеменің жаңа іргетасын қалағандардың қатарына жатады. Негізгі оқып, білім алған мамандығы мәдениет саласы болса да, ізденімпаз Жеңіскүл архив ісі бойынша қызметті тез арада игеріп алып кетті.

Білмегендер, бәлкім архивті тек анықтама мен деректер беріп отыратын мекеме деп ойлайтын шығар, тегінде архивтің жұмысы саналуан. Оның қырсырына үңіл-сек, архив мемлекеттік мекемелердің құжаттарынан басқа жеке тұлғалардың құжаттарын да қабылдап, Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерінің, жауынгер-интернационалистердің, өз жерінен шыққан қаланың құрметті азаматтарының, алғашқы тың игерушілердің және өнер мен мәдениеттің дамуына үлес қосып жүрген жандардың өмір жолдары туралы тың деректерді жинастырып, жіктеп, тізбеге енгізіп келешек жастардың бойында елжандылық тәрбиесін қалыптастыруда да архив ісіне зор үлестерін қосып келеді. Одан басқа әлеуметтік-құқықтық сұраныстарға жауап беру, жеке тұлғалардың өтініштерін қанағаттандыру да үлкен мәселе. Кеңес Үкіметі тараған тұста Приозерск қаласының әскери тұрғындары оз Отандарының әр қиырына дерлік көшіп кетті. Солардың алды бүгінде зейнет демалысына шығу барысында көптеген архивтік анықтамалар мен мәліметтерге сұраныс жазуда. Оның ішінде әскери бөлімдердің құжаттары ҚР ҚК орталық архивіне, РФ ҚМ орталық архивіне тапсырылған. Мұның бәрін уақытылы тиісті архивтерге жөнелтіп, сұраныс жасаған жандардың алғысы мен рахметіне бөленіп жатады. «Кісінің қажетін өтеп, ризашылығын алу өзіңнің атқаруға тиісті жұмысың болса да, адамға мол қуаныш сыйлайды», - дейді тәжірибелі архивист Жеңіскүл Кемалқызы.



Маңызды қызметті терең меңгерген, қыры мен сырына қаныққан Жеңіскүл бүгінде ұжымындағы жас мамандардың ұстазы іспетті. Ұжымның құрметі мен сыйына ие болған ол әлі күнге өз үстінен ізденіп отыруды жадынан шығарған емес. Бұдан өзге газеттерге архив ісі туралы мақала, ақпараттар жаза отырып, творчествомен айналысуды да қолға алған. Еткен еңбек ешқашан ескерусіз қалған емес. Жасап жүрген жақсы қызметіне сай мадақмақтаулардан да құралақан қалмаған. 2005-жылғы 15-тамызда қала әкімінің «Жаңа Қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін» Құрмет грамотасымен, 2010-жылғы 12-тамызда Қарағанды облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының «Алғыс хатымен», 1016-жылғы 15-желтоқсанда Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Архи ісі қызметінің үздігі, тәжірибелі де білікті маманы Ж.К.Кеңесова жуықта ғана бір мекемедегі 17 жылдық үздіксіз қызметтен соң зейнет демалысына шықты. Алайда оның мол тәжірибесі, қызыметінің маңыздылығы, мекемедегі білікті мамандар тапшылығы ескеріліп, архив басшылығы оны келісімшарт бойынша қызметте әлі де алып қалуды жөн көріпті. Тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай тындыратын, жауапкершілігі жоғары білікті маман үлкен шаңырақтың отанасы ретінде де қала жұртшылығына танымал. Бірнеше жыл бұрын өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысқан оның отбасы жүлделі орынға ие болғанын білеміз. Төрт бала тәрбиелеп өсірген Жеңіскүл олардың бәрін оқытып, білімді болуын қамтамасыз етті. Бүгінде олардың қанатын қатайтып, үлкен өмір жолына салып жіберген. Ата-анадан өзі алған ұлттық тәрбиені ұрпақтарына жалғастыруды мақсат еткен ана үнемі балаларына да өз істеріне адал, халыққа сыйлы, қарапайым және көпшіл, мейірбан болу қағидасын ұстанып отырады. Әрі ана, әрі әже ретінде қазір осы дәстүрді немерелеріне, шөберелеріне ұластыруды армандайды.

Біз де өз тарапымыздан Жеңіскүл Кемалқызы мен оның ұжымын облыстық архивтің 80 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, жұмысының жемісті, денсаулығының мықты болып, елімізге және қаламызға қалтқысыз қызмет ете беруіне тілектестігімізді білдіреміз!

**Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*Өнімді дараландыру тәсілі*

# ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ

Қазіргі таңда зияткерлік меншікпен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мәселелерінің маңызы арта түсуде.Қазақстан Республикасы Зияткерлік меншік жөніндегі дүниежүзілік ұйымның мүшесі бола отырып, қабылданған әлемдік стандарттарға жауап беретін зияткерлік меншікке құқықтың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.Азаматтық кодекстің 125- бабы зияткерлік меншік ұғымы мәселелерін реттейді: «Осы Кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орнындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау,тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады. Осылайша, зияткерлик меншігінің нысандары дегеніміз-авторлық құқық, сабақтас құқықтар,тауарлық белгіге құқық, қызмет көрсету белгісі, тауардың шығу орнын пайдалану құқығы, патенттік құқық.

Тауар белгісі – бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші бір заңды немесе жеке тұлғалардың осы тектес тауарларын немесе көрсететін қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін таңба. Тауар белгісі өнімді дараландыру тәсілі болып табылады, бұл тәсілді меншіктену құқығы заң бойынша зияткерлік меншікке жатқызылады. Тіркелген тауар белгісіне куәлік беріледі. Тауар белгісі ретінде сөз, бейне, көлем және басқа таңбалар немесе олардың құрамдастырылған түрлері тіркелуі мүмкін. Мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын; ресми бақылау таңбаларын, кепілдікті және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, наградалар мен басқа да айырым белгілерін білдіретін таңбалар тауар белгісі ретінде тіркеуге алынбайды. Дегенмен, осы құзырлы органдардың немесе иелерінің келісімі болса, олардың тауар белгісіне қорғалмайтын нышандар ретінде енгізілуі мүмкін.

Тауар белгісі заңмен қорғалады және оны тауар үшін тауар белгісі ретінде тіркелген бүкіл тауарға немесе оның бір бөлігіне қатысты жасалған шарт бойынша басқа бір заңды және жеке тұлғаларға беруге болады. Сонымен бірге Тауар белгісінің иесі (лицензиар) тауар белгісін пайдалану құқығын лиценз. Келісім бойынша басқа тұлғаға (лицензиатқа) беруі мүмкін. Тауар белгісімен қатар белгілі бір фирманың бір тауарын емес, барлық тауарларын таңбалау үшін символ-белгі түріндегі сауда таңбасы (кейде оны фирмалық белгі деп те атайды) мен шығарылатын өнімге емес, шығарушы фирмаға тиесілі сауда атауы да пайдаланылады. Тауар таңбасын иеленушінің оны пайдалануға заңмен қорғалған айрықша құқығы болады. Тауар белгісі (сауда таңбалары) фирмалық тауарларға, орамаларға (тоғанақтарға), сызбаларға, анықтамалықтарға, шоттарға, бланкілерге, затбелгілерге және тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен қоса жүретін басқа да құжаттамаларға соғылады. Тауар белгісі зияткерлік белгілерге жатады және негізгі құрал-жабдықты ақыға сатып алған жағдайда айналымнан тыс активтердің құрамында есептеледі. Егер тауар белгісін субъектінің өзі әзірлеген болса, онда мұның өзі оның өнімі, тауары деп саналады, оны өткізу сәтінде және тек оны сатып алған тарапта ғана оның бейматериалдық актив деп бағалануы мүмкін. Негізгі функциялардың бірі,ол қорғау,заң бойынша тіркеуден өткен тауар белгісі оны пайдалануға заң жүзінде корғалу керек. Тауар белгісі пайдалану мемлекеттік зан құқықтарымен реттеледі: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 158 бап «Қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларын заңсыз пайдалану», бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, тауар шығарылған жер атауы немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер заңсыз бейнеленген тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Тауар таңбасына куәлік ҚР Әділет минитрлігінің интелектуалдық меншік құқығы Мемлекеттік атқарушы органдар комитетімен беріледі.

**Приозерск қаласы Әділет басқармасы**

*Взаимодействие в борьбе с коррупцией*

# ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ В СФЕРЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

25-апреля в актовом зале Приозерского филиала партии «Нұр Отан» в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Нұрлы Жол – Путь в будущее», выступлений Главы государства на расширенном заседании Политсовета партии «Нұр Отан» от 11.11.2014 г. и Программы по противодействию коррупции на 2015-2025 годы состоялось подписание Меморандума о сотрудничестве в сфере противодействия коррупции. На встречу, кроме представителей правоохранительных органов, были приглашены представители общественных организаций города. Выступивший первый заместитель председателя Приозерского филиала партии «Нұр Отан» Дулат Дюсембаев отметил, что коррупция во всех его формах представляет угрозу национальной безопасности и благосостоянию людей, а также негативно влияет на экономические, социальные, культурные и политические основы общества. Острота положений, препятствующих осуществлению демократических преобразований в обществе, подрывающих веру людей в закон и справедливость приводит подписанию данного Меморандума.



Предметом подписываемого Меморандума является организация взаимодействия между Сторонами и сотрудничество в области практической реализации Положений Государственной Программы борьбы с коррупцией, а также разработанных на ее основе соответствующего Положения партии «Нұр Отан» и Межрайонного отдела по противодействию коррупции по Балхашскому региону Департамента Национального бюро по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области, представляющих взаимный интерес, с учетом разделения функций, полномочий и компетентности Сторон, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

После обсуждения основных положений Меморандума стороны одобрили основной текст Меморандума. После чего Меморандум подписали Д.О.Дюсембаев, первый заместитель председателя Приозерского городского филиала Партии «Нұр Отан»; О.А. Ахметов, руководитель МОПК по Балхашскому региону Департамента Национального бюро по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области; Е.Б. Турусбеков, прокурор города Приозерск и Е.К.Уразбаев, начальник ОВД города Приозерск Карагандинской области.

**Б. Алшынбекулы**

*Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі*

# «ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ ҚОЮ» БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ СТАНДАРТЫ

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1)Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) **www.egov.kz** «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1)ХҚО-ға, көрсетілетін қызметті берушіге, порталға жүгінген кезде – құжаттары топтамасын тіркеген сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзіміне кірмейді;

